

Аудандық мәслихаттың 2004 жылғы 2 ақпандағы N 3-6 "Азаматтардың жекелеген санаттарына тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге төлеу үшін тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Талас аудандық мәслихатының 2005 жылғы 18 сәуірінде N 13-4 шешімі. Талас аудандық әділет басқармасында 2005 жылғы 6 мамырында 4 нөмірімен тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Талас аудандық мәслихатының 2019 жылғы 14 ақпандағы № 51-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Талас аудандық мәслихатының 14.02.2019 № 51-3 шешімімен. Орыс тілінде мәтіні жоқ болып табылады мемлекеттік тілінде мәтінге қаранызы (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**Р Қ А О                    е ск е р т п е с і .**

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97 бабының 2 тармағына, 1999 жылғы 16 қарашадағы N 476-1 "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" заңдарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 949 "Телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" қаулысына сәйкес аудандық Мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ**:

1. Аудандық Мәслихаттың 2004 жылғы 2 ақпандығы N 3-6 "Азаматтардың жекелеген санаттарына тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге төлеу үшін тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау тәртібі туралы" Ережені бекіту туралы" (Жамбыл облыстық Әділет Департаментінде N 1205 болып тіркелген, "Талас тынысы" газетінің 2004 жылғы 28 ақпандығы N 13 санында жарияланған) шешіміне мынандай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Азаматтардың жекелеген санаттарына тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге төлеу үшін тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау тәртібі туралы Ережеде:

1 тарауда:

1 тармақта "Заңдарына" деген сөзден кейін "және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 949 "Телефон үшін абоненттік ақы

тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" қаулысына" деген сөздермен толықтырылсын;

3 тармақта "коммуналдық" деген сөздің алдында "Қалалық телекоммуникациялық желілеріне қосылған телефон үшін абоненттік ақыны ұлғайту бөлігіндегі байланыс және" деген сөздермен толықтырылсын;

6 тарау 21 тармағымен толықтырылсын:

"21. Телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік төлемнің арттырылуына өтемақы төлеу тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 949 "Телефон үшін абоненттік ақын тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" қаулысына сәйкес жүзеге асырылады."

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық Мәслихаттың әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері, бюджет, жергілікті салық және қала шаруашылығы мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Аудандық мәслихаттың

XIII-сессиясының төрағасы:

*R. Сейдалиев*

Аудандық мәслихаттың

хатшысы:

*T. Несілбай*

Келісілді:

Талас аудандық

Телекоммуникация

торабының бастығы

*Дүйсебаев Бақытжан Бейсенбекұлы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК